



Еркебаева Г.Ғ.,  
Мұқанова Н.

## ЖЫЛҚЫ МАЛЫ ТУРАЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*В статье рассматриваются  
фразеологизмы, в которых  
используются слова “лошадь”, “конь”.*

*The phraseologism, in which the words  
“horse”, “steed” are used shown in this  
article.*

Тарихи деректер бойынша адам баласы жылқыны б.з.д 3-4 мыңжылдықтарда қолға үйреткен. Негізгі отаны Шығыс Еуропаның далалы аймағы, Орталық Азия және Қазақстан алқабы деп саналады. Қолға үйретілген жылқы малының арғы тегі жабайы жылқылар – Тарпан мен Керқұлан деп есептеледі. Олар ерте заманда Орта Азия мен Қазақстанның кең байтақ далаларында мың-мыңдап, үйір-үйірімен жайылып жүрген.

Жылқының бір қасиеті соғыстарда, бәйгеде, көкпарда мәрттікпен жаралы жауынгерлердің денесін баспаған. Тіпті көп жағдайларда аттан құлаған адам аман қалады, тіпті еш жері жарақаттанбайды.

Өзі туған қанды, өзінен тараған қанды жаза баспай таниды.

Өз денесінің иісін, тараған ұрпақ иісін жаңылмай сезеді.

Өз тұқымының үн дыбысын мінез-құлқын жаза баспай таниды.

Жақсы жылқы басы босаса қандай қашықтықтан да туып-өскен жеріне тарта береді.

Бірнеше сөздіктерде, энциклопедияларда жылқы туралы мынадай мәлімет беріледі. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былай деген: «Жылқы, зат. Дөңгелек тұяқты ірі қаратөрт түлік малдың бірі. *Көп кешікпей бір үйір жылқымен Итбай да келіп қалды* (С.Көбеев). *Жылқының көркі құйрық* (мақал) [1.252].

Ал «Қазақ совет энциклопедиясында» жылқы туралы мынадай мәлімет берілген: «Жылқы - тақ тұяқтылар отрядының бір тұқымдасы. Жылқыны жүк тасуға, көлік, спорт және туризмге пайдаланады. Еті өте сапалы, қымызының шипалық маңызы бар.

Жылқыны *жүк жылқысы* (владимир, першерон жылқысы т.б.), *жесгіс* (орлов, орыс, латыш, американ жылқысы), *мінис* (араб, ахалтеке, иомуд жылқысы т.б.), *жазық дала жылқысы* (дон, буденный, қостанай, монғол, қазақ жылқысы т.б.), *тау жылқысы* (қабардин, қарабақ, қарабаир, қырғыз, алтай, азербайжан жылқысы т.б.), *солтүстік дала жылқысы* (вятский, эстон, якут жылқысы т.б.) деп бірнеше тұқымға бөледі.

Жылқы жылы - мүшел есебінің жетінші жылы. Әрбір 12 жылда қайталанып отырады, жылан жылынан кейін қой, жылынан бұрын келеді. Жыл басы - григорян календары бойынша 22 март, аяғы - келесі жылдың 21 марты. Жылқы жылы Азия халықтарының жыл



есебінің көбісінде бар; көне түркі тілінде - йонд, сары ұйғырларша - йот, ұйғырша, телеутше, алтайлықтарша - ат, өзбекше, түркіменше, ноғайша, черкесше, абазинше т.б. - жылқы. Монғолша - мөрін, парсыша - есбі, тибетше - та, қытайша -ма, маньжурша - мөрін, вьетнамша - нгуэ, кхмерше (камбоджаша) - мөмі, жапонша - ума т.с.с.

1978 жылғы 22 март пен 1979 жылғы 21 март аралығы жылқы жылы болады, содан кейін ол 1990-91, 2002-03, 2014-25 т.с.с. жылдары қайталанады [2.538].

Жылқы малы көптеген ғасыр адамның қызметінде жүр екен. Жылқыға байланысты көптеген сөздер, сөз тіркестер, тұрақты сөз тіркестері бар. Керек десе, жылқы малымен байланысты салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар баршылық.

Жылқы туралы қанатты сөздер көркем әдебиетте көп кездеседі.

«Жылқының сүті - шекер, еті – бал, иісі – жұпар, и терісі – киім, мінсен – тұлпар» деп Досбол шешен жылқының халы өміріндегі алатын орнын өте жақсы бағалаған. «Бұл қазаққа қанат болған – жүйрік ат, бұл қазаққа жақсы ән мен күй – мұрат» (Н. Лушникова). «Арғымақ ат шапса да, аяғын дүние талдырар» (Майлы қожа ақын). Медицина ғылымының докторы Төрегелді Шарманов: «Егер ауруды бойға жолатпаймын десең, жылқы бақ, қазысын күнде бір тіліп же, ал аптасына бір кесе қымыз ішсең тегі жақсы» деген. «Арғымақ туған қазанат» (Махамбет Өтемісұлы). «Ат бағу адамға сауап әпереді» Мұхаммед Пайғамбар. «Халық едік артық көрген атты тақтан» деп жырлайды Ілияс Жансүгіров.

Қазақ бата бергенде «Атын арымасын, тоның тозбасын, қадірін қашпасын» дейді. «Жылқы – жаным, қымыз – қымыраным» деген атам қазақ. «Есек тұяғын төсейді, түйе шудасын төсейді, өгіз мүйізін, ал ат жалын төсейді» деген қазақ халқы. Бұл – тұлпарға тән тазалықтың, пәктіктің белгісі.

Әсіресе, жылқы малына байланысты цитаталар М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көп кездеседі. Мысалы, *Салқын күннің қалың шағы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып, шашасына дейін суландырған. Сол көштің алдында ұзаққырап кеткен мынау бір топ аттылар Абай мен оның жас достары кей ақын-әншілер. Енді бір кезекте маған ат үстінде құныса түсіп Кәкітай мен Ақылбайға қарап, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын оқыс бастады.*

*Абай атаның басын өзгелерден оздыңқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, көп үнсіз тұрып қалды. Ат тұяқтарының тықыры басылып, жұрт тегіс тыныш жым-жыртқа айысқанда ғана Абай сөз қатты. Жүз жылдан бұрын да содан кейін де, дәл бүгінгі күнге шейін де ұлга тұсау, қызға бұғау болған ел заңы осы екеуін ат құйрығына байлтып сүйретіп өлтірткен.*

Адам сөзі әсерлі болу үшін ол тұрақты тіркестерді (фразеологизмдерді) қосып айтады. Фразеологиялық тіркестер – тілдік қатынас әрекетін жүзеге асыратын негізгі қатысымдық тұлғалардың бірі. Оның үстіне фразеологизмдер - ұлттық ерекшелікті өн бойына сіңірген басты рухани көрсеткіштер. Олай болса, біз қазақ халқының рухани, мәдени және саяси-әлеуметтік тіршілігінен хабардар болуымыз керек.

Білім беруде фразеологиялық бірлік арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас әрекетінің мәні ерекше. Тұрақты сөз тіркестерді білу арқылы сан алуан айшықты сөз қолданыстарын, теңеулерді, мақал-мәтелдерді игереміз, қазақ халқына, оның тіліне деген құрмет сезіміміз артады.

Фразеологиялық бірліктердің қатысымдық ерекшеліктері бірнеше сөздің өзара бірігіп, әрі атаулы, әрі экспрессивті мағынаны білдіруі арқылы қатысымдық және ақпараттық мәнге ие болуына байланысты. Фразеологиялық бірліктердің мағыналық, эмоциялық ерекшелігіне қарай адамдар арасындағы қатысымдық байланыстың алғы шарттары қалыптасады. Фразеологиялық бірліктердің мұндай ерекшеліктері көбінесе есім сөздерден құралған тіркестерге тән болып келеді.

Тілдің негізгі байлығы жеке сөздерде ғана емес, сан жағынан одан бірнеше есе артық сөз тіркестерінде шоғырланғаны белгілі. Сол сөз тіркестерінің ерекше түрі адамның бейнелі ойлауының жемісі болып табылатын фразеологизмдер болып есептеледі.

Тіл білімінде фразеологизмдер – ең жас ұғым. 1950 жылдарға дейін фразеологиялық бірліктер тұрмақ сөз тіркестерінің өзі де сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер құрамында ғана болмаса, арнайы зерттелген емес.

Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы.

1930-40 жылдардағы Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектерінде сөйлем мүшелері жайлы жүргізілген құнды зерттеулердің сөз тіркесіне де қатысы бар, дегенмен, оны түрлі аспектілерде арнайы зерттеу керек болды. Сөз тіркесі М.Б.Балақаевтың зерттеулерінде кеңінен қарастырылып,



оның құрылысы мен өзіне тән ерекшеліктері, сөздердің байланысу тәсілдері, формалары мен олардың тіркесу қабілеттері ашылып көрсетілді. Сөз тіркесін зерттеуге Р.С.Әміров, Ә.Аблақов, Т.Сайрамбаев, М.Серғалиевтер елеулі еңбек сіңірді. Дегенмен, қазақ тіл біліміндегі осындай жеке зерттеулердегі жұмыстармен бірге әлі де болса жан-жақты айқындау мен толықтыруды, өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін тұстары да аз емес.

Сөз тіркесін, жалпы фразеологиялық бірліктерді оқыту үшін оның табиғатын, өзіндік мәнін ашып алу керек. Мұны шешу үшін сөз тіркесін сөйлемнен бөле қарап, өзіндік ерешеліктерін ашып көрсету қажет.

Сөз тіркесінің синтаксистік бірліктер екендігіне ешкім талас туғызбайды, дегенмен сөз тіркесі мен сөйлемнің арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақ - әлі де шешімін таппай талас туғызып жүрген мәселенің бірі. Мысалы, В.В.Виноградов, А.С.Смирницкий, К.Аханов сөз тіркесіне номинативті қасиет тән десе, М.Балақаев сөз тіркесінің номинативтілігін жоққа шығарады.

Фразеологияның нысаны ретінде тілдің барлық деңгейлеріндегі тілдік бірліктер емес, сөздердің тұрақты тіркестерін құрайтын, «ешкімнің еркіне көнбейтін», «өзінен-өзі тіркесіп қойған», «дайын құрылыс материалы» болып табылатын құрамы жағынан тұрақты тіркестер танылады. Фразеологизмдер тілдік жүйенің қай қабатына жатады, оның орны қандай, басқа тілдік қабаттармен онтологиялық және генетикалық қатынастарды қалай құрайды деген сұрақтардың тууы орынды. Бұл теориялық мәселелердің шешімі тілдің фразеологиялық құрамын зерттеудің мақсаты мен әдістерінде айқындалады.

Сөйлеген сөзінде фразеологизмдерді қосу үшін олардың мағыналарын білу қажет. Сол үшін зерттеу жұмысымыз жылқы малына байланысты болған соң, жылқы малымен байланысты тұрақты тіркестердің мағынасын беріп отырмыз.

*Мысалы:*

Ат шаптырым жер – шамамен 2-3 км қашықтық жер

Аттылы кісі – жағдайы түзу

Ат айналғысыз жер – аз көлемді жер

Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар

Ат терлетіп келу – алыстан келу

Тайға таңба басқандай -анық

Ат айналып қазығын табар – ұзаққа кетпейді

Алыстан ат арытып келдім - әуре боп келдім

Ат сабылтып - әуре болып келу

Ат ізін салмау - Хабарласпау

Ат ізін суытпау – жиі келу

Ат тонын ала қашу – басын ала қашу

Ат салысу – көмектесу

Ереуіл атқа ер салу – елін қорғауға аттану

Құлын тайдай тебіскен – бала күннен бірге өскен

Жүген құрығын сыпырған – бетімен кету

Ноқтаға көну – жуас болу

Ат өтті – немқұрайды

Ат үсті – үстірт, жүрдім-бардым

Ат жалын құшты – омақаса құлады, ұшып түсті, құлады

Ат жалын тартып мінді – ер жетті, азамат болу

Жылқы малы туралы фразеологизмдерді білу оқушының тілін дамытады, қазақ тілінің мәдениетін ұғуға көмегін тигізеді, жылқы малы туралы фразеологизмдерді қолдана білсек, біздің сөздік қорымыз дамып, тіл байлығымыз өседі.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1959. Бірінші том, А-К, -338 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы, 1974. - 672 б.